

Алматы облысы әкімдігінің 2007 жылғы 28 мамырдағы "Алматы облысы аумағындағы елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және аталуын қайта өзгерту, жер учаскелеріне, ғимараттар мен құрылыстарға реттік нөмірлерін беру талаптарын бекіту ережелері туралы" N 114 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы әкімдігінің 2008 жылғы 8 шілдедегі N 142 қаулысы. Алматы облысының әділет департаментінде 2008 жылғы 17 шілдеде N 2012 тіркелген. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2014 жылғы 20 тамыздағы N 324 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 20.08.2014 № 324 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 28 бабындағы 4 тармаққа сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Т І :**

1. Алматы облысы әкімдігінің 2007 жылғы 28 мамырдағы қаулысымен бекітілген "Алматы облысы аумағындағы елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және аталуын қайта өзгерту, жер учаскелеріне, ғимараттар мен құрылыстарға реттік нөмірлерін беру талаптарын бекіту ережелері туралы" N 114 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2007 жылғы 25 маусымда 1989 нөмірімен тіркелген және 2007 жылғы 30 маусымда N 84 "Жетісу" газетінде жарияланған) қаулысына келесі өзгертулер енгізілген:

аталған қаулымен бекітілген ереженің 3,4,69,70,71 тармақтары алынып  
**т а с т а л с ы н .**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары  
**А . Ғ . Б а т а л о в қ а** **ж ү к т е л с і н .**

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*С. Үмбетов*